

Табиғи монополия салаларына жатқызылған телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 519-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 2 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3418. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Табиғи монополия салаларына жатқызылған телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия салаларына жатқызылған телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (И.Ш. Әлиев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.М. Досмағамбет) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, "Қазақтелеком", "

Транстелеком" акционерлік қоғамдарының және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П. Нефедовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Төрағаның міндетін
атқарушы**

Келісілген:
Қазақстан Республикасының
Ақпараттандыру және
байланыс агенттігі
Төрағасының міндетін атқарушы
2005 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының міндетін атқарушының
2004 жылғы 31 желтоқсандағы
N 519-НҚ бұйрығымен бекітілген

**Табиғи монополия салаларына жатқызылған
телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған
іске қосылған активтердің реттелетін базасына
пайда ставкасын есептеу жөніндегі нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Табиғи монополия салаларына жатқызылған телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Табиғи монополиялар туралы" және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің 2002-2004 жылдарға арналған тарифтік саясатты жетілдірудің бағдарламасына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әзірленді.

2. Нұсқаулық телекоммуникациялардың қызметтердің осы түрлерін, телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қоспағанда, ұсынудың технологиялық мүмкін болмауының не экономикалық мақсатсыздығының себебі бойынша бәсекелес байланыс операторының болмауы жағдайындағы

қызметтерге және мүліктік жалдауға (жалға беруге) ұсыну жөніндегі немесе кабельдік арналар мен телекоммуникациялардың желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялардың желісіне қосуға технологиялық байланысты өзге де негізгі құралдарды пайдалану қызметтеріне арналған тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) құрамына кіретін іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда (таза табыс) ставкаларын есептеу тәртібін нақтылайды.

3. Нұсқаулық байланыс оператордың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы негізді есептеу мен алу мүмкіндігі мақсатында әзірленді.

4. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

пайданың қол жетімді деңгейі - табиғи монополия субъектісінің тұтынушыларға арналған өткізілетін қызметтердің (жұмыстардың, тауарлардың) тиімді жұмыс істеуі және олардың сапасын жақсарту үшін алуға құқығы бар тарифтің (бағаның, алым ставкасының) құрамына кіретін пайда (салық салынғаннан кейінгі таза табыс);

құзыретті орган - ақпараттандыру және байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті орталық мемлекеттік орган;

байланыс операторы - телекоммуникациялардың реттелетін қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі;

есепті кезең - тариф (баға, алым ставкасы) жобасын бекітуге өтінім берудің алдындағы күнгі және (немесе) байланыс операторының тарифтік смета жобасын ұсынатын күнгі қаржылық жыл;

тұрақты шығындар - өзгермейтін сипаты бар және оның өндірістік және өткізу қызметінің көлеміне байланысы жоқ байланыс операторының ағымдағы шығындары;

іске қосылған активтердің реттелетін базасы - байланыс операторының бухгалтерлік балансында көрсетілетін және телекоммуникациялардың реттелетін қызметтерін өндіру және (немесе) ұсыну кезінде пайдаланылатын жеке меншіктегі немесе өзге заңды негіздердегі активтердің құны;

меншік капиталы - қатысушыларға немесе байланыс операторының акционерлеріне тиесілі, үлестер немесе акциялар санынан тұратын, сондай-ақ жинақталған бөлінбейтін пайда мен резервтік, қосымша төленген және қосымша төленбеген капиталды қамтитын капитал;

іске қосылған активтердің реттелетін базасына арналған пайда ставкасы - байланыс операторы капиталының құнына сәйкес келетін операциялық пайданың нормасы;

капиталдың құны - заемдық меншік құралдарына сыйақы ставкасын сипаттайтын, табиғи монополиялар салаларына жатқызылған қызметтерді жүзеге асыруға байланысты инвестициялық және өзге тәуекелдерді көрсететін шама;

телекоммуникациялардың реттелетін қызметтері - телекоммуникациялардың қызметтердің осы түрлерін, телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қоспағанда, ұсынудың технологиялық мүмкін болмауының не экономикалық мақсатсыздығының себебі бойынша бәсекелес байланыс операторының болмауы жағдайындағы және (немесе) мүліктік жалдауға (жалға беруге) ұсыну немесе кабельдік арнаны және телекоммуникациялардың желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желісіне қосуға технологиялық байланысты өзге де негізгі құралдарды пайдалану жөніндегі қызметтері;

уәкілетті орган - табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Нұсқаулықта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Активтердің реттелетін базасына

пайда ставкасын есептеу

5. Байланыс операторының іске қосылған активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасы капиталдың орташа өлшенген құны әдісінің көмегімен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$d = \frac{r_e * W_e + r_d * W_d}{W_e + W_d}, \text{ мұндағы:}$$

d - пайда ставкасы;

W_e - меншік капиталы, теңге;

W_d - заем капиталы, теңге;

r_e - меншік капиталының құны;

r_d - заем капиталының құны.

6. Байланыс операторының меншік капиталының құны қызметтің осы түріне арналған қазіргі бар тәуекел үшін жиынтықты сыйлықақылар мына формула бойынша айқындалады:

$$r_e = r_f + RP, \text{ мұндағы:}$$

r_f - тәуекелсіз ставка;

RP - тәуекелге арналған сыйлықақы.

7. Тәуекелсіз ставка Қазақстан Республикасының еурооблигациясының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге өтінім берген күндегі немесе уәкілетті органның бастамасы бойынша тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекіту туралы шешім шығарған күндегі деректерінің негізінде айқындалған Қазақстан Республикасының

кредиттік рейтингісіне ұқсас елдердің кредиттік рейтингімен шығарылған айналымының сол мерзімдегі облигацияларының ағымдағы табыстылығына тең қолданылады.

8. Тәуекел үшін сыйлықақы телекоммуникация салаларының тәуекелдеріне тән сомамен мына формула бойынша айқындалады:

$$RP = gr_{tech} + rs + gr_{op}, \text{ мұндағы:}$$

gr_{tech} - технологиялық авариялардың салдарынан ысырап болған табысты жабуға арналған қосымша табыс (сыйлықақы) деңгейі, %;

rs - телекоммуникация салаларына тән ерекше тәуекелдерге арналған сыйлықақы, %;

gr_{op} - қызметтерді өткізуден алынған ақшалай түсімнің төмендеуінен туындаған табыстың ысырабын жабуға арналған қосымша табыс (сыйлықақы) деңгейі, %.

9. Байланыс операторының өндірістік құзыретіне байланысы жоқ себептер жөніндегі технологиялық авариялардың салдарынан болған табыс ысырабын жабуға арналған қосымша табыстың (сыйлықақының) деңгейі көзделген табыстың, негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорлардың ысырабына алып келуі мүмкін телекоммуникация саласындағы "форс-мажорлық" тәуекелдерді растау дәрежесін көрсетеді. Осы көрсеткішті есептеу уәкілетті орган белгілеген тиісті кезең ішіндегі жеке капиталдың тиісті ысыраптары мен шамасы бойынша ақпарат негізінде мына формула бойынша жүргізіледі:

$$gr_{tech} = \frac{1}{E} \frac{\sum_{j=1}^3 Tech^j}{C_e^j}, \text{ мұндағы:}$$

$Tech^j$ - көзделген табыстың және соңғы аяқталған үш жылдағы жылы ішіндегі субъекті активтерінің бір бөлігінің ысырабына алып келген зілзала зардаптары мен басқа "форс-мажорлық" жағдайлардың нәтижесіндегі ысырап шамасы;

C_e^j - соңғы үш жылдың ішіндегі j жылының аяғындағы субъектінің меншік капиталының шамасы.

10. Телекоммуникация саласына тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы телекоммуникация саласына инвестициялар салуға байланысты қосымша тәуекелдерде көрсетіледі. Телекоммуникация саласының ерекше тәуекелдері үшін сыйлықақының шамасын анықтайтын негізгі факторлар:

- 1) телекоммуникация саласын дамыту перспективалары;
- 2) телекоммуникация саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігі;

3) байланыс операторының негізгі құралдарының жай-күйі болып табылады.

11. Телекоммуникация саласына тән ерекше тәуекелдерді объективті түрде бағалау үшін осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес ерекше тәуекелдердің негізгі факторларын ескеретін алгоритм пайдаланылады. Телекоммуникация саласының ерекше тәуекелдерін құзыретті орган немесе тәуелсіз сарапшылар бағалайды, ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы мөлшері туралы түпкілікті шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

12. Қызметтерді сатудан түскен ақшалай түсімді төмендетуге байланысты туындаған табыстың ысырабын жабуға арналған қосымша табыстың (сыйлықақының) деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{op} = \frac{P * \Delta I}{C_e}, \text{ мұндағы:}$$

P - қызметтердің көлемін төмендету мүмкіндігі ескерілмеген ағымдағы кезең ішіндегі операциялық пайданың болжамды шамасы;

ΔI - операциялық пайданың мүмкін болатын түсіп кету деңгейі;

C_e - ағымдағы кезең ішіндегі меншік капиталының орташа шамасы.

13. Қызметтердің көлемін төмендету мүмкіндігі ескерілмеген ағымдағы кезең ішіндегі пайданың болжамды шамасы мына формула бойынша айқындалады:

$$P = (r_f + r_{tech} + r_s) * A, \text{ мұндағы:}$$

A - соңғы есепті кезең аяғында іске қосылған активтердің қалдық құны.

14. Байланыс операторының операциялық пайдасының мүмкін болатын түсіп кету деңгейі болжанып отырған белгілі бір мүмкіндікпен және операциялық левередж кәсіпорнында қалыптасқан мүмкін болатын түсіп кету деңгейінің негізінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta I = \Delta v * I_{op}, \text{ мұндағы:}$$

Δv - табыстардың болжамды көлемінің мүмкін болатын түсіп кету деңгейі;

I_{op} - операциялық левередж.

15. Байланыс операторының болжанып отырған табыстар көлемінің мүмкін болатын түсіп кету деңгейі мына формула бойынша есептеледі:

$$\frac{1}{3}$$

$$\Delta v = \sqrt[3]{E (M - X_i)^2}, \text{ мұндағы}$$

$$4M \quad i=0$$

X_i, X_0, X_1, X_2, X_3 мәндерді қабылдайды:

X_0 - ағымдағы кезеңге арналған қызметтердің болжамды көлемі;

X_1, X_2, X_3 - тиісінше соңғы үш есепті кезең ішіндегі қызметтер көлемі;

M - соңғы үш есепті кезең және ағымдағы кезең ішіндегі қызметтердің орташа көлемі.

16. Соңғы үш есепті кезең және ағымдағы есепті кезең ішіндегі қызметтердің орташа көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$M = \frac{1}{3} \sum_{i=0}^2 E X_i$$

17. Операциялық левередж байланыс операторының операциялық пайдасы оның жалпы табысы 1%-ға өзгерген жағдайда, қаншалықты өзгеретінін айқындайды және мына формула бойынша есептеледі:

$$l_{op} = \frac{Z_f + P}{P}, \text{ мұндағы:}$$

P - қызметтердің көлемін төмендету мүмкіндігі ескерілмеген ағымдағы кезең ішінде операциялық пайданың болжамды шамасы;

Z_f - ағымдағы кезеңге арналған тұрақты шығындардың болжамды шамасы.

18. Ағымдағы кезеңге арналған тұрақты шығындардың болжамды шамасын уәкілетті орган байланыс операторының тарифін (бағасын, алым ставкасын) уәкілетті орган бекіткен шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарын ескере отырып, бекітуге берілген өтінім материалдарын қарау негізінде анықтайды.

19. Ағымдағы кезеңге арналған байланыс операторының меншік капиталының орташа шамасы мына формула бойынша айқындалады:

$$C_e = C_{ek} + \frac{1}{3} E(C_{ek}^i - C_{en}^i), \text{ мұндағы:}$$

$3 i-1$

C_{ek} - соңғы есепті кезең аяғындағы меншік капиталының құны;

C_{ek}^i - соңғы үш есепті кезеңдердің i есепті кезеңінің аяғындағы меншік капиталының құны;

C_{en}^i - соңғы үш есепті кезеңдердің i есепті кезеңінің басындағы меншік капиталының құны.

20. Заемдық құралдардың құнын бағалау алдын ала элемент жөніндегі әдіспен және кейіннен орташа өлшенген шама түрінде қорытынды бағалау мына формула бойынша жүргізіледі:

$$r_d = r_{dk} * W_{dk} + r_{do} * (1 - W_{dk}), \text{ мұндағы:}$$

r_{dk} - соңғы есепті кезеңнің аяғындағы банктік және өзге кредиттердің құны, %;

r_{do} - купон облигациясы немесе облигацияның атаулы пайыздық ставкасы бойынша төленген шама, %;

W_{dk} - байланыс операторының заемдық капиталындағы соңғы есепті кезең аяғындағы айналым құралдарын толықтыруға арналған кредиттерді қоспағанда, банктік және өзге кредиттердің үлес салмағы.

21. Банк кредиттерінің құны кредиттің пайыздық ставкасына тең немесе байланыс операторы бірнеше кредиттер тартқан жағдайда, тартылған және соңғы есепті кезең аяғындағы байланыс операторының балансындағы осы кредиттердің орташа өлшенген құнына тең және мына формула бойынша айқындалады:

$$r_{dk} = \sum_{i=1}^n p_i * W_i * (1 - H), \text{ мұндағы:}$$

p_i - i кредиті бойынша кредиторға төленген пайыз;

H - пайдаға салынған салық ставкасы;

n - кредиттердің саны;

W_i - i кредитінің кредиттердің жалпы сомасындағы үлесі.

22. Купон облигациясы бойынша төленіп отырған шама немесе оның атаулы құнына пайыздармен көрсетілетін облигацияның атаулы пайыздық ставкасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_{do} = \left(\frac{C_H - C_p}{C_H * p_2 + \frac{C_H - C_p}{2}} \right) * (1 - H), \text{ мұндағы}$$

p_2 - дисконт ставкасы;

C_H - облигациялардың атаулы құны;

C_p - облигациялардың өткізу бағасы;

t - заем мерзімі (жыл саны).

Табиғи монополия салаларына жатқызылған телекоммуникациялардың қызметтеріне арналған іске қосылған

активтердің реттелетін базасына
пайда ставкасын есептеу жөніндегі
нұсқаулыққа қосымша

**Телекоммуникация саласына тән ерекше тәуекелдер
үшін сыйлықақы есептеу алгоритмі**

Тәуекел факторларының шамасын есептеу алгоритмі

N	Тәуекел факторы	Тәуекел деңгейі			Баға- лаудың жиынтықты нәтижесі
		төмен	орташа	жоғары	
1	Телекоммуникация саласын дамытудың перспективалары	1	2	3	
2	Мемлекеттік реттеудің тиімділігі	1	2	3	
3	Телекоммуникация саласындағы субъектінің негізгі құралдарының жай-күйі	1	2	3	
Тәуекелдің есептік деңгейі орташа					

**Телекоммуникацияның саласына тән ерекше
тәуекелдерді бағалау алгоритмі**

N	Тәуекел факторы	Тәуекелді бағалау	Көріністер
1	Телекоммуникация қызметі саласын дамыту перспективалары	төмен	Экономиканы дамытудың жақсы перспективасы, халықтың сұранысын көбейту, табыстарын өсіру; қызметтер көлемінің өсу мүмкіндігі, клиенттердің базасын кеңейту
		орташа	Орташа өңірлік экономикалық өсудің перспективалары; елеулі түрде арттырмастан тұрақты сұраныс күтілуде
		жоғары	Елдегі экономикалық дамудың торығушылық болжамы, түсіп кетудің белгілі бір мүмкіндігінің болуы; қуаттарының жеткіліксіздігі және қызметтер көлемін арттыру перспективаларының нақты толық болмауы
		төмен	Тарифтік реттеудің жеткілікті икемді тетіктері (бағалар дәлізі), тарифтерді (бағаларды,

2	Телекоммуникация саласын мемлекеттік реттеудің дәрежесі		алым ставкаларын) белгілеудің жедел рәсімі
		орташа	Салыстырмалы орташа реттеу
		жоғары	Тарифтік реттеудің қатаң тетіктері (тіркелген тарифтер), тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) белгілеудің ең жар рәсімі, нормативтік құқықтық базаның жетілмеуі
3	Телекоммуникация саласы субъектісінің негізгі құралдарының жай-күйі	төмен	Негізгі құралдардың 30%-ға дейін тозуы
		орташа	Негізгі құралдардың 30-дан 60%-ға дейін тозуы
		жоғары	Негізгі құралдардың 60%-дан астам тозуы

Телекоммуникация саласына тән ерекше тәуекелдер үшін сыйлықақы диапазоны

N	Тәуекел деңгейі	Есепті бағалау	Ерекше тәуекелдер
1	Орташадан төмен	≥ 1 және $< 1,5$	1%-2%
2	Орташа	$\geq 1,5$ және < 2	3%-4%
3	Орташадан жоғары	≥ 2 және $< 2,5$	5%-6%
4	Жоғары	$\geq 2,5$	7%-8%